

## КЕСЕЛ

# СЫРТТАЙ ЕКПЕ САЛҒАН КІМ?




Елімізде екпе алмаса да Ashyq қосымшасында «жасыл» мәртебеге ие болғандардың саны артып барады. Вакцина құжатын сататын және сатып алатындарды төжей алмай жатқанда, «жасыл» мәртебені тегін таратушылар шықты.

(Жалғасы 3-бетте)

## ИНФОГРАФИКА

# ЖОЛ ЖӘНЕ ТӘРТІП БҰЗУ



## ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, ақталғандардың қатары 516 адам болғанын айтты.

1991 жылдан бері қарай Желтоқсан оқиғасына қатысып, елінің ертеңіне алаңдаған жастардың атын ұлықтау мақсатында 100-ден астам нысанға желтоқсаншылардың есімі берілді.

1991 жылы 12 желтоқсанда Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтар қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылықтан босатылды.

Вице-премьер Е.Тоғжановтың айтуынша, «1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, оқудан, жұмыстан шығып қалған азаматтардың «ақтау туралы» анықтаманы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің дәлелді құжаттарын жергілікті прокуратура органдарына ұсыну арқылы ала алады. Анықтама алу тәртібі барынша жеңілдетілген. 2020 жылы Алматы қаласында ақталған желтоқсандықтардың саны 400 адам болса, 2021 жылы – 516 адам.

Өрімдей жас шағында өмірдің ауыр сынағын арқалап, қарақан басының қамы емес, елінің ертеңгі болашағы үшін басын қатерге тіккен Гүлнара Байбосынова да жақында ақталды. Осыдан 35 жыл бұрын желтоқсанның ызғары тәнін тоңдырып, жанына жара салып, оқудан да қудаланды.

Басқан ізін аңдып, тергеуден тергеуге сүйреген орғандағы қызметкерлердің қысастығына алты ай бойы шырмалған шақты айтуға аса ықыласты емес. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, жақында ғана ақталғаны жөніндегі анықтама қағазын алған Гүлнара Байбосыновамен сұхбаттастық.

Гүлнара  
БАЙБОСЫНОВА:

# ЖЕЛТОҚСАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАЙДЫ

**Jas qazaq:** Гүлнара Кенесқызы, осыдан 35 жыл бұрынғы оқиғаға оралып соғуды онша қаламайсыз. Әрине, тәнге түскен, жанға жамалған Желтоқсан көтерілісінің жарасы жазылмайтыны анық. Десе де, сол кезге тағы бір ой жүгіртіп, болған жайды қысқаша баяндаудан бастасак. Ақталу жайына соңыра оралармыз.

**Г.Байбосынова:** 1986 жылдың 16 күні кешкілік сабақтан қайтып келе жатсақ, курстасымыз Арман Жұмашев алдымыздың жүгіріп шығып, «Гүлнәр, естідіндер ме?! Мәскеуде пленум болды. Конаевты орнынан алыпты. Енді Колбин деген сайланды» делі енгітін баса алмай. Біз де Сәуле екеміз жатақханаға келіп, барлығына хабарландыруды жеткізіп, өнер институты болғандықтан, ұран сөздерді де жаздырып дайындадық. Алматыдағы барлық жоғары оқу орындары бір-бірінен хабар алып жинала бастаған екен. Таңға дейін ұран сөздерді жазғызып, жатақхана манына жиналған 50 шақты студентпен алаңға қарай бет алдық. Біз алаңға келсек, адам қарасы аз, селдір болды. Тек бірен-саран милиция формасындағы адамдар жүр. Сол күні табиғаттың өзі қарсы болғандай күн ерекше суық. Жаурап барлығымыз алаңда тұрмыз. Курстасым Арман: «Гүлнәр, сен орысша да, қазақша да жақсы сөйлейсің ғой, біздің ұранымызды айтшы», – деді. Өрімдей жаспыз ол кезде, саясатты да білмейміз. Кеңес Одағы деген алып күшке қарсы шыққанымыз да қаперде жоқ. «Долой Колбина!», «Каждому народу своего вождя!» деп айғайладық.

(Жалғасы 3-бетте)

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

# БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ БАЗАРЛЫҒЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Түркияда естелік шақа шығарды. Монетаның бетінде еліміздің мемлекеттік туы бедерленіп, түрікше «Kazakistan Bağımsızlığın 30. yılı» (Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы) деп жазылған. Арғы

бетінде Қазақ елінің картасы таңбаланып, сақ, ғұн, Түрік қағандығы, Қазақ хандығы, Алтын Орда атауы түрікше таспаланған. Орхон Енисей таңбасымен кене түрік жазбасы негізінде «Түрік» деген жазу да бар.

1991 жылы еліміз дербестігін жариялағанда әлемде бірінші болып Түркия Тәуелсіздігімізді таныған болатын.



## БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)  
**84,85**

DOLLAR  
**425,8**

EURO  
**496**

РУБЛЬ  
**5,98**



**JAS QAZAQ  
ГАЗЕТІНІҢ  
TELEGRAM-  
КАНАЛЫНА  
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**







# 168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## БИЛІК

Еліміздегі қордаланған мәселелердің салдарынан азық-түлік бағасы аспандап кетті. Ауыл шаруашылығы саласына қыруар қаржы бөлінсе де, азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі сырттан әкелінеді. Аталған мәселе түбегейлі түрде айналысуды қажет етеді. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жасаған сапары кезінде айтты.

Президентке сумен қамтамасыз ету жобаларын іске асырудың келешегі, білім сапасын арттыру, азық-түлік нарығындағы бағаларды тұрақтандыру, корпорацияның әлеуметтік міндеттемелерді орындауы және инвестициялық жобаларды іске асыруы жөнінде мәлімет берілді. Компания аймақ тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіп, өмір сүрудің қолайлы жағдайын жасауға ниетті. Жезқазған мен Балқаш өңірлерін өркендетуде еліміздің дамыған

1,5 жылда осы мәселені шешуі керек. Біз тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз етуіміз қажет. Бұл мәселені өз бақылауымыз аламын, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ ол азық-түлік бағасының қымбаттауына және ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселесіне қатысты өз ойын білдірді.

— Ауыл шаруашылығы саласына қыруар қаржы бөлсек те, азық-түліктің басым бөлігін сырттан аламыз. Өзге елдер субсидияның не екенін де білмейді. Білсе де, дәл осындай мол қаржы бөлінбейді. Бір жағынан адамдарды босансытып жібердік, екінші жағынан сыбайлас жемқорлыққа жол беріп алдық. Бұл мәселемен түбегейлі айналысуымыз керек. Үкіметке, ауыл шаруашылығы министріне осындай міндет жүктелім, — деді Президент.

Іс-шара барысында экологияға және ірі кәсіпорындардың шығаратын қалдықтарына қатысты мәселеге ерекше назар аударылды. Қ.Тоқаев осыған орай: «Біз 2060 жылы карбонизация деңгейін нөлге түсіреміз деп жарияладық. Экономикамыздың ерекшелігін және оның құрылымын ескеруіміз қажет. Энергиялық төңгерімнің 70 пайызы көмірге тиесілі екені белгілі. Ертең бәрін жауып тастап, көміртегінен арылдық деп айта алмаймыз. Бұл сіздердің



Фотос: akorda.kz

# ЖАҒДАЙ БОСАҢСУДЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Мемлекет басшысы Жезқазған өңірінің әлеуметтік дамуы мен минералды-шикізат базасын кеңейту жөніндегі «Қазакмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жоспарымен танысты.

Кездесуде «Қазакмыс» компаниялар тобының президенті Владимир Ким Жезқазған кен орындарындағы қазба жұмыстарының әсер ету аймағынан 2 815 отбасын көшіру және инфрақұрылым жүргізу жұмыстарының аяқталғаны туралы баяндады.

«Қазакмыс Холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай Президентке Қазақстан Республикасын 2025 жылға дейін дамытудың ұлттық жоспары негізінде Қарағанды облысының әкімдігімен бірлесе отырып, Жезқазған мен Балқаш өңірлерін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасының әзірленгені жөнінде айтты. Бағдарламада негізгі үш бағыт қамтылған. Олар: әлеуметтік қызметтердің деңгейін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру және экономикалық даму.

аймағы саналатын Алматы қаласы үлгі болмақ.

Жезқазған қаласын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Ұйтас-Айдос су құбыры желісін қайта жөндеуден өткізіп, Қожамсейіт кен орнында жаңа су құбырын салу қажет. Президент Үкіметке және облыс әкімдігіне аталған жобаны бір жарым жылдың ішінде жүзеге асыруды тапсырды.

— Зерттеу бағыттарыңыз дұрыс деп есептеймін. Сумен қамту — жылдам шешуді қажет ететін маңызды әлеуметтік мәселе. Мен Жолдауымда осы туралы айтқанмын. Үкімет тиісті тапсырма алды. Менің ойымша, Үкімет әкімдікпен және сіздермен бірлесіп, қысқа мерзім ішінде, ары кеткенде



кәсіпорындарыңызға да қатысты. Бірақ 2060 жылға қарай көміртегінен арылу бағыты бойынша жүруге тиіспіз. Әйтпесе, әлемдік даму көшінен қалып қоямыз. Бұл негізгі кәсіпорындардың мүддесін ескере отырып, Үкіметке және Мемлекет басшысы ретінде маған да жүктелген аса жауапты міндет», — деді.

Талап ТІЛЕГЕН

## Аптаның ескертуі



«ОТАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КЕШЕНІ ЕЛДІ ЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ. ІШКІ СҰРАНЫСТЫ ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІММЕН ҚАМТЫП ОТЫРМЫЗ. СОНДЫҚТАН БІЗДЕ СЫРТТАН ӘКЕЛІНЕТІН ЕТ КӨЛЕМІ КӨП ЕМЕС. БИЫЛ ЖЕМ-ШӨП БАҒАСЫНЫҢ ӨСКЕНІН БІЛЕСІЗДЕР. СОЛ СЕБЕПТІ ЕТ ҚЫМБАТТАУЫ МҮМКІН. ӨЙТКЕНІ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ШЫҒЫНЫН ӨТЕУІ КЕРЕК».

Ербол ҚАРАШӨКЕЕВ,  
ауыл шаруашылығы министрі



Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,  
энергетика министрі:

«Нұр-Сұлтанда 2010 жылы қолға алынған ЖЭО-3 құрылысын 2023 жылы аяқтау жоспарланған. Әзірге 3,1 млрд теңге бөлінді. Дегенмен келесі жылғы бюджетте тиісті қаржы бөлінеді деп үміттенеміз. Жетпей тұрған қаржы — 7,8 млрд теңге, сондықтан бұл мәселе шешімін табады деп ойлаймыз».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,  
Мәжіліс төрағасы:

«Үш жылдық бюджетте қаржының қарастырылмау себебі — қағаздарыңыз дайын емес. Құжат көктемде дайын болмаса, тығырықтан қалай шығасыздар? Онда бұл жоба тағы 10 жылға созылады».


## Сөз-Жебе

Азат ПЕРУАШЕВ,  
Мәжіліс депутаты:

«Есеп комитетінің мәліметінше, ағымдағы жылдың бірінші жартысында Ұлттық қордың шығысы оның кірісінен асып түскен. Демек, біз әлі дүниеге келмеген ұрпақтың ақшасын жеп жатырмыз».



## Әлеумет.t<sup>0</sup>



## НЕГІЗГІ ҮШ МІНДЕТ

Халық қалаулылары арасында мемлекеттік тілге ден қойып, өз пікірін қазақша жеткізуге талпыныс байқалады. Солардың бірі — Мәжіліс депутаты, танымал тележурналист Артур Платонов. Ол сәрсенбі күні үш жылдық бюджетті қабылдауға арналған Мәжіліс отырысында баяндамасын мемлекеттік тілде жасады. Депутаттың бұл қадамы, әсіресе, Мәжіліске келіп, қазақша сөйлей алмай сөз еститін министрлер мен олардың орынбасарларына ой салса, қанеки.

Өткен 2020 жылғы қатаң шектеу шаралары, экономикалық ахуалдың тұрақсыздығы, шамамен 2 трлн теңге сомасындағы салық шығындары мемлекеттік қолдаудың бұрын-соңды болмаған шешімдері мен контрциклдық шараларын қабылдауды талап етті. Соның нәтижесінде 6 трлн теңгеден астам сомаға дағдарыстан шығуға арналған шаралар пакеті қабылданды. Бұл Ұлттық қор қаражатын қосымша тарту, қарыз алу, бір жолғы түсімдер, сондай-ақ шығыстарды оңтайландыру мен басымдық беру көздері болды. Ағымдағы жылы дағдарысқа қарсы шараларды жалғастыруға бюджеттен 1 трлн теңгеден астам қаражат қарастырылған. Салық түсімінің өсімі байқалады. Қазірдің өзінде жағдайдың тұрақтанғанын және экономикалық өсімнің бұрын болжанғаннан тезірек қалпына келгенін байқауға болады. Бұл бізге шұғыл мәселелерді шешуге оптимизммен қарауға және үш жылдық бюджетті қалыптастыру кезінде олардың шешімін табуға мүмкіндік береді. Бюджеттің негізгі параметрлерін анықтайтын маңызды шешім 2025 жылға дейін 7 трлн теңгеге қосымша қаржыландыруды көздейтін «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол картасын қабылдау болды. Ұсынылған 2022-2024 жылдарға арналған бюджет жобасында Жол картасында көзделген барлық шаралар өзінің қаржылық көрінісін тапты. Осы мақсаттарға үш жылдық кезеңде 13,4 млрд теңгеден астам қаражат көзделген. Оның ішінде Мәжіліс қабырғасында депутаттардың ұсынысы бойынша «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасына қосымша 38 млрд теңге бөлінді.

Жалпы ұсынылған бюджет жобасы негізгі үш міндетті шешуге бағытталған. Олар:

1. Мемлекеттің азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін мүлтіксіз орындау;
2. Коронавирустық дағдарыс салдарын еңсеру мен экономикалық өсу факторларын дамытудың жалғыздық басымдықтарын іске асыру;
3. Бюджет кірістерін ұлғайту жолымен Ұлттық қордан берілетін трансферттердің 1,6 трлн теңгеге азайтылуы мемлекеттік қаржының орнықтылығын арттыру болып табылады. Бұл 2022 жылдың өзінде Ұлттық қор қаражатын жинақтау және сақтауға мүмкіндік береді.



Артур ПЛАТОНОВ,  
Мәжіліс депутаты

## Санақ

## ОНЛАЙН САУАЛНАМА ҚАЙТАДАН ҚОЛЖЕТІМДІ

Елімізде халық санағы 1 қыркүйекте басталды. 15 қазанға дейін осы шара тек онлайн режимде ғана өткізілді. Одан кейін статистика мамандары үй-үйді аралап, онлайн санақтан өтпегендерді тіркеуге кірісті.



Күні кеше Ұлттық статистика бюросы халық санағынан онлайн өту қызметінің қайта қосылғанын мәлімдеді. Өйткені санақтан онлайн өту мүмкіндігі тоқтатылған соң, еліміздің барлық өңірлерінен, әсіресе, қалалардан онлайн санақ функциясы мерзімін ұзарту туралы көп өтініш түскен. Сондықтан sanaq.gov.kz сайтында онлайн сауалнама функциясын қайта қосу туралы шешім қабылданды.

Sanaq.gov.kz сайтынан бөлек санақ сауалдарына E-Gov порталы немесе Айту мобильді қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Онлайн қызмет халық санағы аяқталғанға дейін, яғни қазанның соңына дейін қолжетімді.

Оған қоса, барлық аймақтарда инструкторлық учаскелер жұмыс істейді. Сол жерге барып та санақтан өтуге болады.



Желтоқсан желі

(Басы 1-бетте)

Қасымда тұрғандар «Ууу» деп қошеметтейді. Мен де шабыттанып қайталай бердім. «Атамекен», «Менің Қазақстаным» әнін айтып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық институтына қарай кеттік.

**Jas qazaq:** Ондағы максат — қатарларыңызға адамдарды қосып, қара көбейту ғой.

**Г.Байбосынова:** Әрине, ол кезде қазіргідей ұялы телефон, сымсыз байланыс деген жоқ, «ел басына екіталай шақ туғанда өзгелер неге үнсіз жатыр» деп оқу орындарын аралауды ұйғардық. Алдымен барғанымыз Абай атындағы педагогикалық институт болды. Оқу орнының алдына келсек, мұғалімдер ғимараттың есігін жауып алыпты. Студенттер терезені сындырып шығып, қатарымызға қосылып жатты. Дәл сол оқу орнының алдында милиция формасындағы жігіт бір студент қыздың жолын бөгеп, жібермей тұр екен. Мен әлгі милицияның кеудесінен итеріп қызды босатып алдым. Сондағы ұлты орыс милицияның «Ты за это ответишь!» дегені әлі есімде. Одан әрі жиналған студенттер Гоголь көшесінің бойындағы ЖенПИ-

жігіттер. Қансырап жатқан қыздар мен жігіттер. Бір сәтте азан-қазан күйге түстік. Қара форма кигендер мені ұстап алып, алаңдағы көлікке әкеліп отырғызды. Қарасам, бірнеше қыз отыр екен. Арамызда таяқ жеген бір жігіт бар. Бізді қаланың сыртына, Қаскелең маңындағы Жандосов деп аталатын ауылдың іргесіндегі дөй далаға апарып, қолдарындағы қаруларымен аямай ұрып-ұрып, сырт киімдерімізді шешіп алып, тастап кетті. Күн суық, бір-бірімізге демеу болып, жолдың жиегіне дейін жаяу өрең жеттік. Автобуспен қалаға келе жатқан егде жастағы кісі тоқтап, сол көлікке мініп аман қалдық.

**Jas qazaq:** Содан соң қудалау басталды.

**Г.Байбосынова:** Бір айдан кейін сессия басталып сабаққа оралғанда бізді тергеу басталды. Сәуле екеумізді КГБ (*Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті — ред.*) тексеріп, алғашқы күні камерада алты сағаттай отырдық. Өмір бойына түрмеге тоғытыласың немесе ату жазасына ілігесіндер деп қатты қорқытты. Сонда да тергеушінің сұрақтарына оқиға

QOĞAM

E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)



Кесел

(Басы 1-бетте)

СЫРТТАЙ ЕКПЕ САЛҒАН КІМ?

Мәселен, Өскеменнің тұрғыны Марина Титова мүлде вакцина салдырмапты. Бірақ жолдасы екеуінің телефонына вакцинаның бірінші компонентін алғаны жөнінде кезек-кезек хабарлама келген. Араға күн салып толық вакцина алғаны жөнінде Еgov порталынан екінші sms жіберіліпті. Онда Өскемендегі емханалардың бірінде екпе салғызғаны жазылған. Бірақ ерлі-зайыптылар бұл кезде сал ауруына шалдыққан баласын емдетіп Нұр-Сұлтан қаласында жүргендерін айтады.

— Біз бұл уақытта Нұр-Сұлтанда болдық. Жұма күні жолдасымыз екеуіміз қаладағы сауда орталықтарынан баламызға қажет заттарды сатып алуға барғанбыз. Күзетшілер бізден Ashyq мәртебесімен кіруді талап етті. Сөйтіп аталған қосымшамен тексерілсем, менде «жасыл», жолдасымда «көк» мәртебе



шығып тұр. Алғашында бұл жағдайға таңырқай қарағаныммен, мән бермедім. Ертегіне баламызды қаратуға барған медициналық орталықта жолдасым екеуімізде де бірдей «жасыл» мәртебе көрсетіп тұрды. Содан бұл жерде бір қателік барын байқап, дер кезінде айтайық деп бекіндік. Қазір біз қайтадан «көк» статусты қайтарғымыз келеді. Тек мамандар өзімізге жала жаппай, жағдайды реттеп берсе болғаны, — дейді Марина Титова.

Ерлі-зайыптылар екпе салынды деп деректер базасына жалған ақпарат енгізген адамды анықтауды талап етуде. Өйткені вакцина паспортын қолдан жасатып алды деп өздеріне жала жабыла ма деп қорқады. Ал Шығыс Қазақстан облысының денсаулық басқармасы бұл келенсіздік туралы білмейді. Емханада ішкі тексеріс жүргізген соң ғана жауап беретіндерін айтты. Вакцина салғызбай-ақ «жасыл» мәртебеге ие болған ерлі-зайыптылар бұл статистика қуған шенеуніктердің былығы болуы мүмкін дейді. Өйткені денсаулық сақтау министрлігі вакциналауда көш бастап тұрған үш өңірдің қатарында дәл осы Шығыс Қазақстан облысының да бар екенін айтқан.

Министр А.Цой: «Вакциналауда жоспарлы жұмыс жасап келе жатқан өңірлер қатарында Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарын айта аламын. Бірақ бұл жылдық көрсеткіш емес. Десе де, күркірейек айының нәтижесі бойынша аталған өңірлер басымдық көрсетіп отыр. Алдағы айларда жоғары нәтиже береді деген ойдамын», — деп еді.

Басқа қалаларда да екпе алмай-ақ «жасыл» мәртебеге ие болғандар біртіндеп шыға бастады. Соған қарап, жергілікті емханалар осы тәсіл арқылы вакциналау қарқынын қолдан ұлғайтып отыр ма дейсің. Себебі Үкімет басшысы облыс әкімдеріне екпе салу көрсеткішін ұлғайтуды қатаң тапсырған болатын.

Коронавирускқа қарсы вакцина салына басталғалы біраз адам «екпе алды» деген құжатты сатып алғаны белгілі. Бірақ нақты қанша азаматқа жалған құжат жасалғаны белгісіз. Алғашында вакцина паспорты 5-10 мың теңгеден сатылған. Кейін екпе алмағандар жұмысқа, сауда орындарына, дәмхана-мейрамханаларға кіргізілмейді деген талап шықты. Осыдан кейін-ақ екпе куәлігінің бағасы 20 мың теңгеге дейін қымбаттап шыға келді. Тіпті еліміздің түпкір-түпкірінен жалған құжат сатқан дәрігерлер де ұсталды, ұсталып та жатыр. Олардың кінәсі дәлелденсе, 4 жылға дейін сотталуы мүмкін.

Ал вакцина паспортын сатып алған азаматтар 160 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш*) көлемінде айыппұл төлейді, не 160 сағат қоғамдық жұмысқа тартылады немесе 40 тәулікке қамалады.

Сонғы мәлімет бойынша, елде 8 миллионнан астам адам вакцинаның бірінші компонентін, 7,2 млн адам екінші компонентін салдырған. Олардың қаншасы «өтірік» екпе алып, тажал таратып жүр?

Гүлнара БАЙБОСЫНОВА:

ЖЕЛТОҚСАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАЙДЫ

ге келіп, жатақханаға кірдік. Ол жерде де қыздарды мұғалімдер жібермей «жіпсіз матап» алыпты. Бірақ араларынан 5-6 қыз біздің қатарымызға қосылатын болды. Біз оларды күтіп тұрғанымызда, форма киген лауызмды тұлға болу керек, дауыс ұлғайтқышпен «Студенттер, шоғырланбаңыздар, тараңыздар. Ертеңгі күні оқудан шығып қаласыздар. Тіпті заң жүзінде қудаланасыздар» деп хабарлады. Бірақ біз сол күні алаңға барып, ұранымызды айтып жатақханаға аман-есен қайттық. Бірақ

қалай болды, еш қоспасыз жауап бердік. Абай атындағы педагогикалық институт жатақханасы алдында әлгі милиция жігітті итергенім де айтылды. Отбасым туралы толық мәлімет тергеушінің тартпасында жатыр екен. Қатты қорыққаным соншалық, көзім қарауытып кетті. Қасымызда бірге алаңға шыққан жігіттер мен қыздар бір-бірін сатқан. Әрине, оның барлығы психологиялық қорқытудан болды. Комсомол қатарынан шығарылдық. Сәуле Ешенқұлова оқудан

басқарған кезде әкімдік жиналыс жасап, соған қатысуымды өтінді. Барсам, адам қарасы көп. Желтоқсандықтар бір-бірінен бөлініп, неше түрлі ұйым құрып алып қырық пышақ болып жатыр екен. Соны көргенде қатты көңілім қалды. Сөз кезегі маған тигенде айттым, «Біз 1986 жылдың желтоқсанында алаңға осындай ұрыс-керіске қатысып, дүние бөліс жасау үшін шықтық па? Қаһарлы күнде қазаға ұшыраған желтоқсан боздақтарының аруағынан қорықпайсыңдар ма!» деп ұрсып



сол түнде жатақханада шұғыл жиналыс болып, ертең таңертең жатақхана есігі жабылатынын, ешкімнің сыртқа шықпайтыны қатаң ескертілді.

**Jas qazaq:** Бірақ сіздер ертеңіне де алаңға бардыңыздар.

**Г.Байбосынова:** Біз ертесінде Сәуле екеуміз бірінші қабаттың терезесінен қашып шығып, алаңға бардық. Кешегідей емес, адам қарасы көп.

Шенді-шекпенді, танымал адамдар кезек-кезек трибунаға шығып, алаңдағы жастарға тарауымызды айтты. Роза Бағланова да ортаға шығып, тарамасақ, қантөгіс болуы мүмкін екенін ескертті. Өйткені Кремльден бірнеше рет қонырау шалынып, алаңнан жастарды тарқату туралы бұйрық берілген. Бірақ жастар тарқамалық. Кеш батып қалған шақта «Метель» басталды. 35 жыл өтсе де, сол аласапыран күн кеше ғана болғандай көз алдымда сайрап тұр. 3-4 өрт сөндіру машиналары алаңдағы адамдарға су шаша бастады. Шам сөндірілді. Сол сәтте біз де Фурманов көшесіне қарай қаша бастадық. Қара форма киініп, қаруланған жасақ жастарды аямай соққыға жығып жатты. Қатты соққыны аланның алғы шебіндегі қыздар алды. Айқай-шу. Соққыға жығылған

қудаланды. Мені ұстаздарым, институт басшылығы қорғап, аман қалдым.

**Jas qazaq:** Желтоқсан ызғарының жанға салған, тәңте түсірген кесепаты орасан. Осы оқиға кезінде соққы алып, таяқ жеген жастардың арасында мүгедектікке душар болған, ауруға шалдыққандары, тіпті ауыр науқастан көз жұмғандар да бар.

**Г.Байбосынова:** Желтоқсанның бізге тигізген ызғарын ұмыту оңай емес. Денсаулығымызға да әсер етті. Төртінші курста оқып жүргенде тұрмысқа шықтым. Бірақ бала көтере алмағандығымнан 4 жылдан кейін ажырастық. Театрға да оралмадым. Желтоқсан десе, жанымыз түршігетіндей кеудемізде үлкен үрей әлі күнге дейін тұрады.

**Jas qazaq:** Осы күнде «желтоқсандықтармыз» деп жүргендердің арасында жалған патриоттар да шығып жатыр. «Мен алаңда болған едім» деп жылтырақ медаль тағушылар да көбейді. 1986-ның оқиғасын зерттеушілер тасада жүрген, көп алдына шығуды қаламайтын нағыз желтоқсандықтар туралы зерттеп, жазып келеді.

**Г.Байбосынова:** 2006 жылы Болатбек Төленберген деген журналист хабарласып,

тастадым. Содан кейін ондай жиынға баруды сиреттім, көңілім қалды. Сол кезде шейіт кеткен боздақтардың ешқайсысы да ана жакқа дүниені аркалап кеткен жоқ. Олар да осы тәуелсіздікті ансады, бейбіт күнде өмір сүруге ұмтылды. Сондықтан да «мен кеше желтоқсанда алаңға барғаным үшін» деп бүгін дүниені даулау менің ұғымымда дұрыс емес.

**Jas qazaq:** Бірнеше жылдан бері акталуға арыз жазып, мақсатыңыз орындалды.

**Г.Байбосынова:** Желтоқсаншылардың акталуы туралы 2006 жылы білдім. Оған дейін таныс-білістерден естідім, бірақ аса мән бермеп едім. Одан бұрын Алматыдан жырақта жүргендіктен де, акталуға аса ықыласым болмағандықтан ұмтылған жоқ. Желтоқсан оқиғасының жазылмайтын жарасы жүрегімізге өндірлей жас кезімізде түскендіктен де шығар, үрей, қорқыныш билеп, әлі де қудалау, қуғындау тиылмағандай әсер ететін. Желтоқсан оқиғасына қатысып, қудалау көріп, азап шеккенімді дәлелдейтін айғақтайтын қағазды алғаным көңіліме медеу.

Сұхбаттасқан  
Қуаныш РАХМЕТ

Диас НҰРАҚЫН





E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

Соңғы кезде спортқа бәс тігушілер қауымдастығында небір өзгерістер болып жатыр. Қазақстан да заманауи үрдістен сырт қалмауға тырысады. Тек біздің шенеуніктер ғана енжарлық танытып отыр.

Қазіргі заманда спортқа бәс тігу әлемдегі миллиондаған жанкүйер мен фанаттарды бір арнаға тоғыстырған өзгеше ермек іспетті. Беттинг аудиториясы барған сайын көбейіп, кенейіп барады. Жастар арасында кенінен таралған киберспорт сияқты жана бағыттар пайда болды. Қазақстанда да осындай үрдіс анық байқалады. Айталық, букмекерлердің бағалауынша, қандай да бір спорт жарысына тұрақты түрде бәс тігетіндер саны бір жылдың ішінде 50–60 мыңға көбейген. Ал жалпы біздің елімізде беттингке құмартатындар жарты миллионнан асады.

Сонымен бұл салада қандай тың өзгерістер бар?

### «ӘЛЕУМЕТТІК БЕТТИНГ»: ЖАНКҮЙЕРЛЕР СПОРТТЫ ҚОЛДАЙДЫ

Жанкүйер бәс тіккен кезде дұрыс болжам жасай алмай, ұтылуы мүмкін. Әлбетте, бәстен қайтпаған ақша беттинг компаниялардың табысын еселейтіні белгілі. Сонымен бірге букмекерлік компания нақты бір командаға қаржылай көмек көрсетеді. Таратып айтсак, сіз қандай да бір команданың бас демеушісі саналатын букмекерге барып бәс тіккен кезде, өз қаржыңызбен сол командаға қолдау көрсетесіз.

Қазір спорт фанаттары арасында дәл осындай қолдауға негізделген өзгеше субмәдениет қалыптасқан. Батыс елдерінде жанкүйерлер қауымдастық құрады. Осылайша олар нақты командаларға демеушілік жасауды күшейту мақсатын көздейді. Ал футболшылар формасындағы букмекерлік компаниялардың жарнамасы жанкүйерді осы жағынан хабардар етеді.

Байқасаңыз, мұндай тренд Қазақстанда да бар. Мәселен, отандық жанкүйер қауым «1xBet» букмекерлік компаниясы Алматының «Қайрат» футбол командасының бас демеушісі екенін жақсы біледі.

### ЖАСТАР ҮШІН КИБЕРСПОРТ ТАРТЫМДЫ

Киберспорт жарыстары да құлашын кең жайды. Қазір букмекерлік компаниялар бокс пен футболмен қатар, киберспорт жарысына да мән бере бастады. Соңғы екі-үш жылдағы тенденция осындай. Беттингке жастардың да мойын бұра бастауы дәл сонымен байланысты.



Сарапшылардың айтуынша, киберспорттың кең таралуы букмекерлік бәс тігудің заманауи нарығындағы ең басты ерекшеліктің бірі. Соның ішінде біздің елімізде де. CS:GO, Dota2 турнирлері жанкүйердің орасан аудиториясын жинайды. Бұған елдегі кең танылған букмекерлік компанияларда онлайн бәс тігудің қолжетімділігі де өз әсерін тигізуде. Өйткені жастар букмекер кеңсесінде отырғаннан гөрі, процесті онлайн түрде бақылағанды жөн көреді.

Қалайша барлығы жылдам өзгереді! Осыдан екі-үш жыл бұрын ғана киберспорт жұртқа тансық көрінетін. Ал бүгін болжам жасау жағынан басқа спорт түрлерінен қалыспайды.

#### ОНЛАЙН БӘС ТІГУ БАСЫМ

Карантин және онымен байланысты шектеу шаралары бәс

# БЕТТИНГТЕГІ ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕР: КӨШТЕН ҚАЛМАЙЫҚ!

тігуге арналған залдардың ұзақ мерзімге жабылуына әкеп соқтырды. Сондықтан букмекерлік компаниялар онлайн қызмет көрсетуге ойыса бастады. Осыдан келіп онлайн бәс тігу қарқыны артты. Әлбетте, беттинг компанияларға мәселенің техникалық жағын шешуге тура келді. Оның өзі онай тиген жоқ. Қазақстандағы букмекерлер алдында мобильдік интерфейсті бейімдеу міндеті тұрды. Сонда кез келген беттингке құмартушы мобильдік құрылғыдан оп–онай бәс тігіп, сол арқылы оқиғаны бақылауға мүмкіндік алатын еді. Компаниялар осы бағытта қыруар шаруаны атқарды. Қазір IOS и Android смартфонында арнайы қосымшалар қолжетімді. Соның арқасында кез келген жерден бәс тігуге болады. Мамандардың ойынша, онлайн–беттинг дамып келе жатқан тренд.

бастамалардың логикасын түсіну қиын. Шыны керек, бізде «ағысқа қарсы жүзуді» жақсы көреді. Дамыған елдерде бір нәрсеге рұқсат берсе, біздің шенеуніктер, керісінше, тыйым салуға ұмтылады. Беттингте де солай. Мәселен, Ұлыбританияда қандай оқиғаларға болжам жасау ұсынылады десеніңші! Тек футбол, баскетбол, бокс немесе хоккейге ғана емес, спорттан мүлде ауылы алыс салаларға да. «Оскар» мен «Евровидение» нәтижесіне бәс тігу белең алған. Карантин жағдайында беттингке құмартушыларды нақты бір елдегі оқиғалар қызықтырды. Өткен жылы коронавирусқа қарсы вакцина егуді бастау мерзіміне қатысты бәс тігу болды. Сондай–ақ локдаун қашан аяқталатыны және сол сияқты басқа да болжамдар қабылданды.

Алайда мұндай бәс тігудің өзіндік қиындығы да жоқ емес. Соның ішінде — төмен коэффициент. Букмекерде спортқа бәс тігуде орташа маржа 3 пайызды құраса, экзотикалық бәс тігуде ол 15–20 пайызға дейін жетуі мүмкін. Букмекер болжам жасаушыдан артықшылыққа ие болғанда көнігі кәсіпқойдың бәс тігуі неғайбыл. Әйтсе де,

қызық қуған құмарпаз үшін бұл таптырмайтын ермек.

#### БУКМЕКЕРЛІК КЕҢСЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ЗАҢДАСТЫРУ

Ең негізгі жаһандық трендті айтпай кетуге болмайды. Бұл — букмекерлік бизнеске деген көзқарастың өзгеруі. Букмекерлер спортқа белсенді түрде демеушілік жасаған сайын, оның қызмет сапасы

#### ЭКЗОТИКАЛЫҚ БӘС ТІГУ

Қазақстанда спорт саласына жатпайтын оқиғаларға бәс тігуге заң жүзінде тыйым салу туралы ұсыныс жасалғаны мәлім. Мұндай



артады. Билік те оған оң қабақ таныта бастады. Мәселен, АҚШ–та бірнеше жылдың ішінде 19 штат спортқа бәс тігуді заңдастырды.

Қазір Еуропада да, АҚШ–та да, Азияда да букмекерлік индустрияның әлемдік спортқа орасан қолдау көрсетіп отырғанына күмән жоқ. Алдағы уақытта бұл үрдіс тіпті күшейе түседі. Сондықтан спорттың дамуына мүдделі мемлекет пен үкімет атаулыға осы тенденциямен санасуға тура келеді. Букмекерлердің орасан сомадағы *(жылына ондаған миллиард доллар)* демеушілігі спорттың дамуына ықпал етіп отырғанына көзі жеткен соң, бүкіл әлемде беттинг компанияларға мойын бұра бастады. Регламент жұмсартылды, бұрын тыйым салынған немесе ойын бизнесіне теңестірілген жерде букмекерлік заңдастырылды.

Спортқа жақын миллиондаған жанкүйердің басын біріктірген әлеуметтік беттингтің жана трендін сарапшылар теңдессіз құбылыс деп санайды. Оны үлкен спортқа қаржы құятын сиқырлы құмыраға теңейтіндер бар.



жазып жатады. Міне, көз алдымызда осындай тенденция қалыптасуда. Бір жыл бұрын ғана мұндай ештеңе жоқ еді. Тағы бір қызық жәйт: команда фанаттары қандай да бір букмекерлік кенесенің демеушілігі белсендірек деген сынайла пікір алмасатын болды. Демеушілік жасамайтын букмекерлерді жерден алып, жерге салады...

Міне, осылайша Қазақстан әлемдік тенденция ағымынан қалып қоймауға тырысады. Бірақ біздегі спортқа жауапты атқамінерлер туралы бұлай дей алмаймыз. Соның кесірінен бүкіл өзгерістен құр қалып, кешегі күннің көленкесінде қалып қою қаупі бар! Букмекерлерге баяғыша «құмарлық» деп қараса, отандық спорт қуатты қолдаудан қағылатыны сөзсіз. Онда олимпиадада жеңіске жету туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Еліміздегі ең түйін шешілмей келе жатқан мәселенің бірі – қолжетімді баспана. Тұрғын үй алуға арналған түрлі бағдарлама жоқ емес, бар. Бірақ оған да кез келген адамның қолы жете бермейді. Тіпті жалдамалы баспана алуға мүмкіндік беретін бағдарламаның өзі біраз жасқа қолжетімсіз. Өйткені оны алудың машақаты көп.

27 жастағы азамат Ерғанат Ерғайыпұлы Алматы қаласы Алатау ауданындағы «Шаңырақ» ықшамауданында пәтер жалдап тұрады. «Жастарға сатып алу құқығынсыз пәтер беріледі» деген бағдарлама туралы естігенде қатты қуаныпты. Ол: «Біз осыдан бір жыл бұрын арендалық пәтер алуға құжат жинадық. Ең алдымен, қаладағы тұрақты тіркеуіміз 2 жылдан кем болмауы керек екен. Туысымыздың үйінде тұрақты тіркеуде болғанымызбен, өзіміз басқа ауданда тұрамыз. Отбасы мүшелеріміздің атына тұрғын үй, мүлктің тіркелмеу құжаттарын оңай алдық. Өйткені Алматыда үйіміз жоқ қой. Некедегі әрбір жылымыз бен, балаларымызға бөлек балл қосылды. Тек айлығымды растау кезінде қиындыққа тап болдым. Өйткені менің табысым бағдарламадағы көрсеткішке жетпейді екен. Былтыр бір айлық есептік көрсеткіш 2600-ден (*1 АЕК – 2657*) асқан. Бағдарлама талабына сәйкес 40 АЕК-тен асуы керек. Ол дегеніміз — айлығымыз 110 мың теңгеден сәл асуы керек. Ақырында табысты растау бөлімінен өте алмай қалдым. Өйткені айлығым 100



Алматы, «Шаңырақ» ықшамауданы

мың теңгеге жетпейді. Өтініш берген үміткерлердің көбісі табысын растау кезінде қиналды. Оның үстіне былтыр пандемия басталып кетіп, құжат өткізу мерзімі де белгісіз уақытқа шегеріле берді. Бағдарлама биыл да жүзеге асырылады екен. Бірақ тағы да өтініш беруге жүрексініп отырмын. Өйткені ІАЕК жыл сайын көтеріледі. Биыл оның көрсеткіші 2917 теңге, яғни 40АЕК — 116 680 теңге. Сәйкесінше, жалақы мөлшері де осы сомадан асуы керек. Егер табысын растау көрсеткішін азайтса, мен сияқты біраз жас уақытша болса да баспанамен қамтылып, болашақтағы пәтеріне қаржы жинау мүмкіндігіне ие болар еді», — дейді.

# ЖАСТАРҒА КЕРЕГІ — БАСПАНА

Ерғанаттың баспана тауқыметі тек оны ғана емес, көптеген жас отбасыларды толғандырады.

Жастарға сатып алу құқығынсыз жалдамалы пәтер беру мәселесін жақында Мәжіліс депутаты Ғани Ташқараев көтеріп, Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа депутаттық сауал жолдаған болатын. Біз халық қалаулысына хабарласып, осы мәселені шешу жолын сұрадық.

Өңірлерді аралап, жастармен кездескенде, әрбір жасты мазалайтын басты мәселе тұрғын үй екенін білдік. Оның ішінде 29 жасқа дейінгі жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін пәтер беру бағдарламасын ерекше атап өткім келеді. Өйткені бұл бағдарламаға өтініш берушілердің саны жыл сайын артуда. Бірақ бағдарламаға барлық жастың қатыса алмайтынын білдік. Өйткені «Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын

бекіту туралы» акпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы №318 бұйрығына сәйкес, өтініш берушінің ай сайынғы табысын кемінде 40 (*қырық*) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде растайтын, соңғы

алты ай ішіндегі табысы туралы анықтама көрсетуді талап етеді. Егер бағдарламаның басында бұл сомма 101000 теңге болса, 2021 жылдан бастап бұл 116600 теңге болды. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне де жүгіндік. Елімізде 20–29 жастағы азаматтарымыздың саны 2 537 252-ге жетті. Оның ішінде қалада тұратын жастардың үлесі — 1 510 892. Бұл көрсеткіш жылдан–жылға артып келеді. Табысын бағалау бойынша салыстыратын болсақ, 2021 жылдың 1 тоқсанында Шымкентте — 76 982 теңге, Алматыда — 166 554 теңге, Нұр-Сұлтан қаласында 179 722 теңге болып отыр. Бағдарлама еліміздің осы ірі үш қаласында жүзеге асырылады. Атап айтқанда,

жалдамалы пәтер алу конкурсына қатысу үшін тұрғын үйге мұқтаж жас мамандар үшін жалақы мөлшері тым жоғары. Жалға берілетін тұрғын үйді конкурс бойынша алу қиын. Жұмысшы жастар пәтер алу үшін айлық көрсеткішті (*40-тан 25 АЕК-ке дейін*) төмендету керек. Жас мамандардың табысына қойылатын талаптың жоғары болуы орынсыз. Сондықтан табыс мөлшері туралы талапты қайта қарау керек.

Дайындаған  
Макпал НОҒАЙБАЕВА



Сөкең, Сауытбек ініміз жетпістің жонына шыққан екен. Зымырап өтіп жатқан уақыт, шіркін.

Сауытбек Абдрахманов жасы кіші болғанымен, ақылы асқаны үшін де аға тұтатын көркем мінез ініміз. Білімі кемел, оқығаны, оны қорытып көкейге тоқығаны мол азамат. Кейде әңгіме үстінде бір жерден оқыған дерек-дейегінді тілге тиек етіп, ортаға салғанда, Сауытбек сенен де ары тереңіне бойлап, арыдан қозғап, талдап тұрып жеткізеді.

Адамды көркейтіп, көркем мінезін қалыптастыратын оның білімдарлығы. Қандай қызметті ұсынса да, абыроймен алып шығуға тырысты. Пенде баласымыз ғой, кейбіреулер колына

# ҚАРАПАЙЫМ ҚАЛЫБЫНАН ШЫҚПАҒАН

азғантай билік тисе болды, сыздап, ісініп шыға келеді. Сондайларға жаным ашиды, халық сенің ісініп-кепкенінді емес, колына билік тигенде қандай шаруа тындырғаныңды ғана саралайды, бағалайды. Сауытбек мұндайдан ада, қашанда қарапайым қалыбынан айныған емес. Қазақ әдебиеті мен руханиятына, журналистикасына да орасан үлес қосқан, сүбелі шығармалар, зерттеу еңбектерін жазған Сауытбек ағаға іні, ініге аға бола білген азамат. Жазғандарының бәрі тек қызыл сөз сапыру емес, әр ойының астарында іскерлігі сезіліп тұрады. Орамды, байламды пікірлерінде мәселенің түйткілін шешу жолдарының онтайлысын ұсынады.

Сауытбектің әдебиет өлкесіндегі зерттеу еңбектері орыс әдебиетінің белді өкілі, әйгілі акын А.С.Пушкиннің шығармашылығы хақында жазылды.

Орыстың ұлы ақыны А.Пушкиннің қаламынан туған шоктықты шығармаларына тыннан түрен салып зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Пушкинтану дара ғылым деңгейіне көтеріліп келеді. Пушкиннің бір ғана өлеңін талдаған еңбек бір кітапқа арқау болды. Тек бұл өлеңі жайында жазылған диссертациялық еңбектер де көп.

Пушкинді зерттеушілер, пушкинтанушылардан аяқ алып жүре алмайсыз. Олардың жазған зерттеу еңбектерін оқып тауысу да есте мүмкін емес.

Пушкиннің жазу өнері, калам сілтесі сол кезеңдегі дәстүрлі қалыпқа сыймады, өздігінен дара жол, соны соқпақ салып, өзіндік мектебін қалыптастырды. Пушкиннің эстетикалық талғамын, зор талабын талдағанда әдебиетшілер әйгілі «Пайғамбар» өлеңіне ат шалдырып, қазық қақпай кетпейді. Бәрі де осы күдіретті өлеңіне айналып бір соғып өтеді.

Сауытбек «Құран және Пушкин» деген зерттеу мақаласында былай дейді: «Пайғамбарды» Пушкин 1826 жылы, 8 қыркүйек күні жазған. Соның алдында ғана айдаудан құтылып, Мәскеуге достарының арасына жеткен, барысымен салтанатты қабылдауда болып, жұрттың қошеметіне бөленген, өзінің қадыр-қасиетін жанаша таныған акынның шабыт буып, нағыз экстаз жағдайында жүрген ғажайып бір шағы еді. «Пайғамбар» — бүгінгі тілмен айтсақ, Пушкиннің бағдарламалық жыры. Бұл өлеңде ол әзелден хақ тағаланың бұйрығымен

ақындық қонған адамның өзге жұрттан алабөтен қасиеті болатынын, сол илһам қуатын майда-шүйдеге шашып-төкпеу, арындап жүріп арзандап қалмау керектігін



Пушкиннің қанатты сөзге айналып кеткен «Глаголом жги сердца людей» дейтіні осы. Оның ақын атаулыға қалдырып кеткен асыл аманатына айналған

бұл сөз — құдай сөзі. Қазақшасында «күдірет сөзі» деп жалпыламалау болып кеткен, әйтпесе түпнұсқада: «И бога глас ко мне воззвал» деп ап-анық айтылған. Құдай акынның сөзі хақтың үніндей шығуы керектігін еске салады, сондықтан оған пайғамбарға артатын сенімін де артады, сондықтан оған пайғамбарға айтатын сөзін де айтады.

Әрине, Пушкиннің бұл атакты жырының алтын арқауы шығармашылықтың мақсат-мұраты, суреткердің жауапкершілігі екендігі талас тудырмайды. Ол жайында жүздеген мақала, кітаптар жазылған. Мұны қайталай бергеннен келер пайда шамалы. Біздің айтағымыз басқа. Айтағымыз — Пушкин сияқты бейнелерді арқау етсе, бұл жолы ол діни мифологияға бет бұрады. Жұртшылыққа кеңінен танымал «Ақын» өлеңіндегі акынның орнында мұнда — пайғамбар, Аполлонның орнында — құдай, музаның орнында — алты қанатты періште Исфаһил-Серафим. Қу медиен құла дүзде жан ансарына сусап келе жатқан адамға Жаратқан Ие жіберген

Сауытбек Абдрахманов орыс әдебиетінің белді өкілі, алдаспан акын А.Пушкиннің шығармашылығы туралы соқталы-соқталы, сүйекті зерттеу еңбектерін жазды. Сол туындылары кітап болып басылып, оқушы қауымға жетті.

2006 жылы бас қаладағы «Елорда» баспасынан жарық көрген «Вер Бана Ат» деп аталатын кітабын автор «пушкинтану парақтары» деп өзі айтқандай, орыстың әйгілі акынның шығармашылығын терендей бойлап, толымды, тұщымды зерттеу жасағанын нақтылай түседі. Түбіміз түркі болғандықтан да А.Пушкин шығармаларында кездесетін түркізмдер туралы жүргізген зерттеуіне басымдық берген едік. Жалпы Сауытбек Пушкиннің жылдарын оқығанда акынның 10 томдық академиялық басылымын бас алмай сүзіп шыққан. Сөйткен де Пушкиннің сөздік қорынан, жыр жазғанда қолданған тіркестерінің арасынан 217 сөз бен атау сөзді сүзіп алған. Олардың ішінде топоним, этноним, антропоним сөздер де бар.

А.С.Пушкин шығармаларындағы түркізмдер ұлы қаламгердің зерттеушілер «всемирная отзывчивость» деп айтатын ғажайып қасиетін танытады. Оның туындыларында тіл байлығының, бейнеленетін орта шынайылығының сырын аша түседі. Пушкин тіпті шығыс тақырыбына жазылған немесе оқиғасы көршілес ұлттардың жеріне тақау өтетін туындыларының өзінде түркізмдерді шығарма бояуын қалындату немесе экзотизм үшін әдейі қолданбағанын да автор тура айтқан.

Қалам қуаты кайырылмаған, жетпістің белесіне шыққан інімізге шығармашылық шабыт тілеймін. Елге пайдалы сүйекті туындылар жаза береді деп сенемін.



**Сәбит ОРАЗБАЕВ,**  
*Қазақстан Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

Көзінде көптің аузында ҚазГУ аталған бүгінгі – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі іргелі оқу ордасы. Тәуелсіздікке дейін елдегі қос университеттің бірі, әрі әсем Алматыда орналасқан соң ба, шоқтығы өзгелерден биік-тұғын. «ҚазГУ-градта» оқитын, қалашықтың жатақханасында қоныс тепкен студенттердің өзгелердің алдында айбары басым, беделі биік тұратын.

## ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ҚАЛАШЫҚ



Жуырда Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы — ректоры Жансейіт Түймебаев БАҚ өкілдеріне өзі бас ие болып пресс-тур ұйымдастырды. Жансейіт Қансейітұлы университеттің ректоры лауазымына тағайындалғанына алты айға ауғанын, осы жарты жыл бедерінде атқарылған жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне көрсетіп, аралап жүріп таныстырды.

Әрине, бұған дейінгі басқарған басшылардың қолынан түк келмеді, тізгінді бос ұстады деуден аулақпыз. Дегенмен де жөндеуді, жөндеу болғанда да аса күрделі жөндеу жұмыстарына сұранып, тусырылып жатқан ҚазҰУ ғимараттарына қайта сән кіріп, ажарлана түскендей. Әдетте ақ жағалылар өзі басқаратын ұжымындағы жылт еткен жаналығын, жасаған жақсылығын көрсеткісі келсе, көзбояушылыққа қатты бой алдырып, бітпеген істі бүркемелеп, көп көзінен көлегейлеуге тырысады. ҚазҰУ-де, керісінше, кейбір оқу корпустары мен студенттер үйінде жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатты.

— Сен білім алған жылдары осындай орталық болды ма? — деді ректор

Медициналық диагностикалық орталық, осы университетті 16 жыл басқарып, ҚазҰУ қалашығының бой көтеруіне айрықша еңбек сіңірген Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, «Керемет» қызмет көрсету орталығы, Қырғызстанның Ыстықкөлінің жағалауында спорт-сауықтыру лагері оқу ордасының қызметкерлері мен тәлім алушылары үшін жұмыс істейді.

Әрмен қарай ҚазҰУ кітапханасында баспасөз мәслихаты өтті. Ағымдағы шаруалар, болашаққа құрылған жоспар, атқарылған шаруалардың бәрі шетін қалмай айтылды. Ұжымның ерекше қуанатын ақжолтай хабары — жалақының өсуі. Әрі бір емес, екі мәрте көбейіпті. Осы жылдың ақпан айында 20 пайызға, екінші рет биылғы жаңа оқу жылы басталғанда тағы да көбейген. Осы күнде оқытушылардың ең төменгі жалақысы — 285 мың теңге, аға оқытушы 312 мың, қауымдастырылған профессор 389 мың, профессорлар 500 мың теңге жалақы алады.

Биыл 7 оқу ғимаратына косметикалық, 3 оқу ғимаратына күрделі жөндеу жасалыпты, 14 жатақхана жөндеу жүргізіліпті.

Университет басшысы білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын



журналистердің арасындағы түбіт иек жас журналистке бұрылып.

— Жок, — деді әлгі әріптесіміз басын шайқап.

— Қай жылдары оқыдың?

— 2016 жылы бітірдім.

— Содан бері өзгеріс бар ма екен?

ҚазҰУ-дың журналистика, филология факультетін бітірген басқа да журналистер «әрине, әрине» десіп шұрқырасып кеттік.

Расында, атқарылып жатқан ауқымды шаруаны көзбен көргендіктен айтуымыз керек, қалашық қайта түлеп жатыр екен. Сөзімізге ісіміз сай өрілсін деген болуы керек, ректордың көмекшілері жөндеу жұмысына дейін және кейінгі кейін фотоға түсіріп, қатар қойыпты.

Ректордың ізіне еріп, география факультетінің студенттеріне ыстық ұя болған жатақханаға бардық. Керегенің қалың сылағын қырып тастап, еденіндегі ескірген материалды сылып алып жанасымен жабдықтау қамындағы құрылысшылар қонақ келді екен деп жұмысын жиып қойып, сап түзеп тұрмады. Қауырты шаруаны қыстыңызғарына ұрындырмай уақытында тапсыру үшін жанталасып жатыр.

Сексен бес жылдық тарихы бар Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрамында 16 факультет, 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық бар.

заман талабына сай өрістету үшін әлі де атқарылатын шаруа қыруар екенін айтты. Жатақханалар ескірген, көпшілігінде пайдалануға берілгеннен кейін күрделі жөндеу жүргізілмеген. Коммуникация жүйесі апаттық жағдайда. 15 мыңға жуық студентке жатақханадан орын жетпейді. 15 мың адамға жатақхана салу да орасан шаруа. Оның үстіне ҚазҰУ-де 1991 жылдан бері қарай жаңадан жатақхана бой көтермепті.

Оқу ордасының басшылығы білім және ғылым министрлігінің қаржы орталығымен тізе қосып, жатақхана салу үшін инвестор тарту шаруасын да қолға алмақ. Кампусты дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспары да түзіліпті.

ҚазҰУ қалашығының алаңқайларын, саябақты абаттандыру, ағаш егу жұмыстары да қарқынды іске асып жатыр. Енді аз жылда ҚазҰУ қалашығының саябағында биыл ғана егілген Қырым самырсындарында да биіктеп, көз тартатын болады. Бір жазда университет ұжымы 600-ден астам ағаш көшетін егіпті. Жанарған студенттер асханасының да сапасы жақсарып, бағасы да көңілге қонымды, қалта көтеретіндей.

Қайта түлеген ҚазҰУ қалашығының жаңғырып, жақсаруы біріміз үшін де мақтаныш.





# KÓKEIKESTI

E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

## Жанайқай

1993 жылдан 1997 жылдың мамыр айына дейін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының сол кездегі Жезқазған облыстық ұйымында қызмет еттім. Сол бір тұс қазақ тіліне қатысты мәселелердің төңірегінде құдды арыстан баққан ауылдай алыс-жұлысы, айтыс-тартысы, арбасуы мен айқасуы жетіп артылатын шақ еді. Қазақ тілінің мәлөкөттік тіл мәртебесіне толық ие болуына, оның қолданыс аясының кеңеюіне не түрлі қарсылықтар білдіріліп, іштен шалып жататын жағдайлар аз емес-тін. Жиналыстардың қазақша басталып орысша жалғасуы, жергілікті жерге жоғары жақтан келетін құжаттардың тек орыс тілінде болуы, ресми атаулардың мемлекеттік тілде жазылмауы мәселені күрделендіре түссө, баспасөз беттерінде «Тіл үшін күрес», «Тіл майданында», «Алғы шепте», «Тілді қорғайық», «Қоғамның қажеті бар ма?» секілді мақалалардың легі толастамай жарық көріп, былайша айтқанда, нағыз халықтық майданға ұласып жатты.

Ал енді мұндай ортаға рухы мықты, жүрегі түкті, төзімі зор, ұлтым деп ұйқысы қашып, жұртым деп жабығатын, елін ерекше сүйетін адамдар ғана атының басын бұруға тәуекел етері шындық. Бүгінгі күннің биігінен қарасақ, осындай санаулылар санатынан табылған Жезказған мыс қорыту зауытының, Жезказған байыту фабрикасының, Жезказған құю-механикалық зауытының, Батыс Жезказған кенішінің «Қазақ тілі» бастауыш ұйымдарының төрағалары Мырқы Асқарұлы, Жахан Махмұтұлы (марқұм), Темеш Молдабеков (марқұм), Мұса Тілеуов, «Қазжолбанк» директоры Абзал Әлібеков, Жезказған әуежай басқармасы басшысы Рысмағамбет Ігіліков, «Жезмоторс» компаниясының директоры Асқар Қаржауов, Жезказған облыстық телерадиокомпаниясының басшысы Сәбит Байдалин (марқұм) тәрізді аяулы азаматтарды атап өткен жөн. Нәтижесінде, алысқа ат айдамасақ та, мемлекеттік тілмен түбегейлі табысуға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік туды. Нақтырақ айтсақ, «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолдары» атты ғылыми-практикалық конференция, «Туған тілдің

**ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ «ТІЛІН БІЛМЕГЕН – ТҮБІН БІЛМЕЙДІ, ОҢДАЙ АДАМ КҮЛДІРЕМ ДЕП КҮЙДІРЕДІ, СҮЙСІНДІРЕМ ДЕП СҮРІНДІРЕДІ, БІЛДІРЕМ ДЕП БҮЛДІРЕДІ, ҚҰАНТАМ ДЕП ҚҰАРТАДЫ, ЖҰБАТАМ ДЕП ЖЫЛАТАДЫ» ДЕГЕН СӨЗІНІҢ МӘНІСІН ТЕРЕҢ ТҮЙСІНГЕНДЕЙМІЗ.**

тұғыры биік болсын» деп Ұлытаудан иісі қазакқа ұран тастаған «Тележаңғырық», «Іс қағаздарын қазақшаға көшіруге дайындық барысы» тақырыбы бойынша аймақтық семинар-кенес, «Ата мекен — Отчий край» және кәсіпкерлерге арналған «Іске сәт» телехабарлары, «Зерде» оқу орталығы — солардың бір парасы ғана. Сайып келгенде, Тіл туралы заңды жүзеге асыруға тиімді деген тәсілдің қай-қайсысы да қоғам тарапынан елеусіз қалған емес. Ең бастысы, қазақ тіліне жанашырлық сезім басым болды.

Бірақ, бүкіл елдегі сондай талпынысқа қарамастан, «Баяғы жартас — бір жартас». Иә, хакім Абай бекер айтпаған көрінеді. Өз заманының талай қияметін көргендіктен де, кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деген оймен айтқан болу керек. Өйткені қазіргі мезгілде де өте орынды сияқты. Олай деуіміз, қашаннан армандағанымыз — елдің, тілдің бостандығы, заңдылық, әділетті қоғам құру мүмкіншілігі өз қолымызға тисе де, бойымызға сіңген жалтақтық, бодандық психологиямыздан, әлі де басқа ұлт өкілдерінің «көңілін қалдырғымыз» келмейтін көңілшектігімізден, енжарлықтан көбіміз айыққан жоқпыз. Сондықтан ана тіліміздің ахуалы көңіл көншітерілмейтін емес. Осы ретте белгілі жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтанәлі Балғабевтың «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстаннан басқа ешқандай мемлекетте жоқ «үш ерекшелік» деген көлемді сұхбаты көп жайдың бетін ашады. Мұндағы айтылған ерекшеліктер мынадай:

а) Тәуелсіздік алғанына отыз жыл толған мемлекеттердің арасында өз мемлекеттік тілін толық қолданысқа енгізе алмай отырған Қазақстаннан басқа қандай мемлекет бар?

ә) Өз ана тілі — мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметкерлерді, министрлер мен депутаттарды Қазақстаннан басқа қандай елден табуға болады?

б) Бүкіл ұлт болып түгелдей өз ана тілінде сөйлеп кету үшін үкіметтің арнайы заңы мен қаулысын күтіп отыратын қазақтардан басқа қандай халық бар?

Сұлтанәлі Базарбайұлы: «Осы үш «ерекшелігіміз» реттелмесе, мен қазақ тілінің жағдайы керемет жақсарып кетеді деп үміттенбеймін» деген ой түйеді. Ал марқұм Оразакын Асқар кезінде:

«*Ойлан, қазақ! Ойлан, ойлан, көп ойлан, Ойсыз қалай бола қойсын қолайлы ән. Ана тілін білмейтін ұл, қызық көп, Немерең кім болып туар, соны ойлан...!* » деп дабыл қакқан еді.

Иә, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген мәтел бар. Отбасын айтпағанда, балабақша, мектеп, университет сияқты оқу-тәрбие

орындары сондай алтын ұяның біріне айналары анық. Ендеше осы орындарда нені бойына сіңірсең, ертеңгі күні сол ілгенінмен кетесің, одан соң өзінді-өзін түзеу қиын. Әрине, атқарылып жатқан жұмыстарды жокқа шығаруға болмас. Мәселен, бізде өзге тілді білуге құштарлығымыз ешкімнен кем емес. Қытай, корей, ағылшын,



# «АНА ТІЛІН БІЛМЕЙТІН ҰЛ-ҚЫЗЫҢ КӨП, НЕМЕРЕҢ КІМ БОЛЫП ТУАР, СОНЫ ОЙЛАН...!»

жапон, испан, орыс тілдерін меңгеруге талпынысымыз артты. Әлем тілдері жөніндегі университетіміз де бар. Бұл өзге тілдерді білуге бет бұрғанымыз десек те, өз тілімізді құрметтеуге әлі де ынта-шынтымызбен құлшына қойған жоқпыз. Бір ғана мысал. Елордада биыл ашылған № 91 мектеп-гимназияның Instagram парақшасында берілген мәліметке сәйкес, мұнда жана оқу жылы қарсаңында, яғни 2021 жылғы 28 тамызда 1262 оқушы қабылданып, 55 сынып құрылды. Қазақ тілінде оқытатын сынып 15 болса, орыс тілінде оқытатын сыныптар — 37. 0-ші сынып — 3. Бір айта кетерлігі, сол орыс сыныптарындағы оқушылардың басым көпшілігі қазақтың балалары. Бұл жағдай ұлтты қазақ, тілі орысша ата-аналардың қалауы бойынша орын алуда. Жалпы алғанда, мұндай ахуал еліміздің ірі қалаларына да тән құбылыс болып тұр. Қазақтардың өздері елімізде орыс тілді ортаны қалыптастырып отыр. Осылайша, қазақтың атакты жазушысы, белгілі мемлекет қайраткері Ғабит Мүсіреповтің «Тілін білмеген — түбін білмейді, ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйсіндірем деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп құартады, жұбатам деп жылатады» деген сөзінің мәнісін терең түйсінгендейміз.

Түптеп келгенде, қазаққа керегі ұлттық артықшылық емес, керегі — теңдік. Бірақ байқағанымыздай, бұлай болмай тұр.

«Қазақша жаз» тобының өкілі Әлия Сари қазіргі жас белсенділер «іс-әрекетімен орыс тілін еш кемсітпейтінін, тек өз құқықтарын талап ететінін» айтады.

«Қозғалысты бастаған белсенділердің бәрі зорлық-зомбылықсыз орта құруға тырысып жүрген адамдар. Сондықтан әуел бастан-ақ агрессивті әдіс қолданбаймыз деп шештік. Мысалы, біз компания парақшасындағы бір жазбаның астына «Саламатсыз ба, дүкеніңізге жиі баратын едім. Өнімдеріңіз қатты ұнайды. Егер парақшаныңызға қазақша ақпарат қоссаңыздар, маған, тіпті ыңғайлы болар еді. Ракмет!» деген сынды пікір қалдырамыз. Соның арқасында бизнеспен дос болуға тырыстық. Олар да біз құқықтарымыздан артық ештеңе талап етпейтінімізді түсінді», — дейді Әлия Сари. «Qazaqsha Jaz — Қазақша жаз» тобы түрлі компаниялар, кафе — мейрамхана, дүкендердің желідегі парақшаларына хат, пікір жазып сыпайы түрде қазақша ақпарат, мәзір сұрайды. Топтың өкілдері бұл әдісті «тербеу» деп атайды. «Тербеудің» бірнеше ережесі бар: тек заң аясында әрекет ету, сыпайы болу және балағат сөз жазбау. Бірақ топ мүшелері бұл әдіс көп күшті қажет ететін айтады. Олар бір жылдық жұмыстың пайдасы шамамен 33 пайыз болды дейді, яғни қазақша ақпарат сұраған компаниялардың үштен бірі белсенділердің талабын орындаған.

Әлия Сари: «Мұның себебі заңға тіреледі. Заң қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушының құқығын қорғамайды. «Тербеу» кезінде кикілжің, шиеленістер болды. Бізден «Қай заңға сүйеніп, ақпарат сұрап жатырсындар?» деп сұрайтын. Ал бізде шынымен ондай бап жоқ. Тұтынушы құқығы туралы заңда «баннер, мәзір сияқты көрнекі ақпарат қана қазақша болуы керек» деп жазылған. Ал сайт, әлеуметтік желідегі ақпаратты ешкім қадағаламайды. Сондықтан интернеттегі қазақ тілінің мәртебесін белгілеп қоюымыз керек. Қазір сол бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Тарихи, мәдени және географиялық жағдайға байланысты орыс тілін қолданыстан алып тастау мүмкін емес. ТМД елдерінде билингвал, яғни қос тілді қатар пайдалану — кең таралған құбылыс. Мақсатымыз — теңдікке қол жеткізу, шеттетуді тоқтату және қазақ тілінің мәртебесін нығайту», — деген тұжырым жасайды.

Олар қазақ тілін ғылым негізінде түсіндіреді, түрлі компаниялардан қазақша ақпарат сұрайды, шетел фильнін қазақша сөйлетеді. Мәселен, Qazaq Grammat тобы қазақ тілінің ережесін сақтауға ден қойса, Kazak Bubble (*Бабыл мұнарасы*) жобасы қазақ тілін ғылыми түрде насихаттауды көздейді, әуесқой аудармашылар мен дыбыстаушылардан

құрылған Qial Dub Studio (*Қиял даб студия*) жобасы шетел фильмі мен мультфильмінің қысқаша үзіндісін қазақша дыбыстаумен айналысады. Ал редактор, тіл маманы Назгүл Қожабек қазақша жазатындарға «Қалькасыз қазақ тілі» атты телеграм-канал ашып, осы арқылы «қазақ сөздерімен орысша» жазылған мәтінді азайтуды өзіне мақсат етіп отыр. Қазақстан қоғамындағы тенденциялар мен өзгерістерді, жастардың іс-әрекетін зерттеп жүрген әлеуметтанушы, PaperLab зерттеу тобының ресми өкілі Серік Бейсембаев бұл топтар Қазақстанда кейінгі жылдары пайда болған азаматтық белсенділіктің бір көрінісі деп санайды. Әлеуметтанушы еріктілерді «көзі ашық, сауатты, еркін ойлайтын және Қазақстан азаматы ретінде қазақ тілінің жағдайына бей-

жай қарай алмайтын жастар» деп сипаттайды. Бейсембаевтың ойынша, бұл белсенділер бұрынғылардан жаңа технологиялар қолдануымен, креатив іс-әрекетімен ерекшеленеді.

Алаштың айтулы азаматтарының бірі Сәкен Сейфуллин Қазақ үкіметін басқарып тұрған сонау жиыrmасыншы жылдары халыққа: «Сіздер қазақ тілін төменнен бастап көтеріңдер, біз жоғарыдан қолдау білдірейік» деген екен. Ол 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде солар кісілер дайындап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда тек қазақ тілінде жазып отыру керек. Қаладағы мекемелер қазақша жазылған сөздерді алып тексеріп отыруға міндетті» деп жазды. Әсіресе, Сәкеннің «Қазақ тілінде сөйлеуді төменнен емес, жоғарыдан, басқарушы органдардан талап ету керек» деген ойы, бүгін де құндылығын жойған жоқ. Расында, бұқара халық — қазақ тіліне жанашыр, оның мәртебесін көтеру жолында аянбасы анық. Жетпейтіні — жоғарыдағылардың қолдауы. Сондықтан ұлт саясаты тіл саясатына ауысқан жөн. Осы ретте Мемлекеттік тіл туралы жеке заң қабылдануы қажет. Халыққа қызмет көрсететін орындардың бәрінде мемлекеттік тіл қолданылуы тиіс. Бұған мән бермейтін басшыларға шара қолдану қажет. Сол себепті де қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 23-бабында жазылған «Мемлекеттік

**ӘЛИЯ САРИ: «МҰНЫҢ СЕБЕБІ ЗАҢҒА ТІРЕЛЕДІ. ЗАҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІН ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАМАЙДЫ. «ТЕРБЕУ» КЕЗІНДЕ КИКІЛЖІҢ, ШИЕЛЕНІСТЕР БОЛДЫ. БІЗДЕН «ҚАЙ ЗАҢҒА СҮЙЕНІП, АҚПАРАТ СҰРАП ЖАТЫРСЫНДАР?» ДЕП СҰРАЙТЫН. АЛ БІЗДЕ ШЫНЫМЕН ОҢДАЙ БАП ЖОҚ. ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДА «БАННЕР, МӘЗІР СИЯҚТЫ КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ҚАНА ҚАЗАҚША БОЛУЫ КЕРЕК» ДЕП ЖАЗЫЛҒАН. АЛ САЙТ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫ ЕШКІМ ҚАДАҒАЛАМАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӨРТЕБЕСІН БЕЛГІЛЕП ҚОЮЫМЫЗ КЕРЕК.**

тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» деген талап нақты іс жүзіне асырылуы керек. Сондай-ақ «Қазақстандағы Тіл саясаты жайлы кең таралған аңыздар» деген тақырыпта әлеуметтік желіде Qazaq Grammat тобы жариялаған жазбаға назар аударған жөн. Онда мемлекеттік және орыс тілінің қолданылуына қатысты түрлі деректер келтірілген.

Қорыта айтсақ, Тіл киелі дүние. Тілден айырылсақ, ұлттық қасиетімізден айырылғанымыз. Сондықтан арымыз, намысымыз, қанымыз, жанымыз — ана тілімізді ардақтай білейік.

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**  
*саясаттанушы*  
*Нұр-Сұлтан қаласы*

**Қылмыс пен жаза**

Шымкентте 2018-2019 жылдары мұғалімдер «жеңіл жолмен» өз санатын жоғарылатуды көздепті. Сонымен бірге мемлекеттен төленетін үстемақыны да алып отырған. 64 мектептің 348 мұғалімі тестілеу сынағына қатыспай, жалған сертификатты сатып алғаны туралы даулы іске нүкте қойылды.

## ЖАЛҒАН СЕРТИФИКАТ ЖАРҒА ЖЫҚТЫ

Таяуда қалалық Әл Фараби аудандық сотында Білім басқармасының бас маманы мен орта мектеп директорына қатысты үкім шығарылды.

Әл Фараби аудандық сотында Шымкент қаласы білім басқармасының бас маманы Қасымхан Досжановқа қатысты қызметтік жалғандық жасау және алаяқтық фактісі бойынша, сондай-ақ №96 орта мектептің директоры Айнұр Қарабаеваға қатысты алаяқтық жасау, бірнеше рет пара беруге айдап салу, бірнеше рет пара алу, бөтен мүлікті иемдену және қызметтік жалғандық жасау фактісі бойынша қылмыстық іс қаралды.

Сот талқылауы 72 жәбірленуші мен 30 куәгердің, сотталушылар мен олардың адвокаттарының қатысуымен ашық өтті.

Қалалық Әл Фараби аудандық сотының судьясы Сәбит Төреханов: «Сотталушылар



Қасымхан Досжанов және Айнұр Қарабаева мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар бола тұра, өзара бір-бірімен алдын ала сөз байласып, жалпы білім беретін басқа мектептердің мұғалімдерін жаңылыстыруға түсіріп, тестілерді оңды тапсыру туралы анықтамалар мен хаттамаларды бірнеше рет қолдан жасау, алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен, 2018 жылдың мамыр-қараша аралығындағы кезеңде олардың 2 255 000 теңге сомасындағы акшалай қаражатын жымқырған. Содан кейін тестілерді тапсырғаны туралы жалған анықтама негізінде мұғалімдер заңсыз түрде мемлекеттік бюджеттен жоғары жалақы алуға құқық беретін сертификаттарын алған», — дейді.

Олардың іс-әрекеттерінің нәтижесінде, яғни тест тапсыру туралы берілген жалған анықтамалар негізінде мемлекетке 210 159 307 теңгеге залал келтірілген.



Одан бөлек, сотталушы А.Қарабаева мектеп директоры бола тұра, 2018 жылдың мамыр-қараша айлары аралығында мұғалімдерді тест тапсыру туралы оң нәтижелер алғаны және тест тапсыру нәтижелерінің хаттамасына олардың оң нәтижелерін енгізгені үшін лауазымды тұлғаға пара беруге бірнеше рет итермелеген. Сондай-ақ ол 2020 жылдың тамыз және қыркүйек айларында жұмыста «қамқорлық» көрсеткені үшін бірнеше рет 35 000 теңге және 30 000 теңге сомасында пара алған.

Оған қоса, А.Қарабаева мектеп директоры боп тұрған кезінде 2020 жылдың қыркүйегіне дейін бюджеттен иемдену жолымен акша қаражаттарын жымқырып, өзінің іс-әрекеттерімен мемлекетке 339 000 теңге сомасында залал келтірген.

Сотталушылардың кінәсі жәбірленушілер мен куәгерлердің айғақтарымен, сот сараптамаларының қорытындыларымен, аудиторлық тексерулермен және сотталушылардың өздерінің айғақтарымен дәлелденді.

Прокурор сотталушы Қ.Досжановқа 5 жыл бас бостандығынан айыру, ал сотталушы А.Қарабаеваға 7 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды сұрады.

Ал жәбірленушілер оларға қатысты ешқандай шағымдары жоқ екенін мәлімдеп, бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындауды өтінді. Сотталушылар мен адвокаттар айыппұл түрінде жаза тағайындауды сұрады.

Сот қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, кінәні мойындауды, қамелетке толмаған балалардың болуын, іс бойынша залалдың болмауын ескере отырып, Қ.Досжановқа 4 жыл бас бостандығынан айыру, ал сотталушы А.Қарабаева 7 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Одан бөлек, оларға мемлекеттік қызметте, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмыс істеуге өмір бойына тыйым салынды.

Судья С.Төрехановтың айтуынша, сот үкімі заңды күшіне енген жоқ. Айыпталушылар соттың шешімімен келіспей, апелляциялық шағым түсіріп, өздерін ақтап алуға әрекет жасап жатқан көрінеді.

**Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,**  
*Шымкент қаласы*



## Таным

Мұрат Мөңкеұлының шоқтығы биік шығармасының бірі – «Қарасай-Қази» жыры. Бұл – ерлік пен батырлықты, халықтың жауынгерлік рухын дәріптейтін шығарма. Қаһармандық эпос ұрпақты ел мен жерді қорғауға, атамекеннің қадір-қасиетін санаға сіңіруге үндейді. «Қарасай-Қази» жырының бірнеше нұсқасы бар. Бүгінде Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Мүстежеп Ахметов, Қобылаш Бекмағамбетов, Мұрын Сәңгірбекұлы, Хайролла Иманғалиев, Айсә Байтабынов, Наурызбек Рахманқұлов, Сейіт жырау, Жақсылық жырау, Нұртуған Кенжеғұлов жырлаған нұсқалар ел игілігіне айналып отыр. «Қарасай-Қазидың» барлық нұсқалары «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 41, 42, 46-томдарында топтастырылды.

# ҮЙЛЕСІМДІ ҮШ БЕЙНЕ

(МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ «ҚАРАСАЙ-ҚАЗИ» ЖЫРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ)

Мұраттың «Қарасай-Қазиды» — жырдың ең қысқа нұсқалардың бірі. Бұл акынның ұзақ жырының қолға тиген шағын бір зінділі болуы да мүмкін. Мұны Халел Досмұхамедұлы былайша ескертіп өтеді: «Мұрат ескі сөздерді көп білген. Орақ, Мамай, Карасай, Қазиді, Асан Қайғы, Қазтуған секілді өткен замандағы адамдар туралы Мұрат көп өлеңдер шығарған. Карасай-Қазиді туралы Мұрат екі күндей айтатын еді деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күні жойылған. Біздің басып отырған «Қарасай-Қазидымыз» ұзақ сөзден қалған бір жұрнақ». Х.Досмұхамедұлы 1924 жылы Ташкент қаласында бастырған «Мұрат акынның сөздері» деген кітапқа енген «Қарасай-Қазиді» жыры кейін бірнеше рет жарияланды. Жырдағы Орақ, Карасай мен Қазиді, Ер Тарғын — тұлғалық үлгі дәрежесіне көтерілген бейнелер. Бұл шығарманың 1943 жылы Отан соғысы жүріп жатқан кезде «Қызыл Әскер кітапханасы» сериясымен, «Неміс оккупанттарына өлім келсін!» деген айдармен жеке кітап болып басылып шығарылып, ұрыс даласына аттандырылғаны да сондықтан. Майдандағы



жауынгерлерді жігерлендіру үшін осындай ерлік пен қаһармандыққа шақыратын, патриоттыққа тәрбиелейтін шығармалар қажет болды. Сөйтіп, Мұрат акынның «Қарасай-Қазиды» да жеңісті жақындатуға үлес қосты.

«Қарасай-Қазиді» — тек ерлік пен батырлықты үлгі етіп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстауға, ел қорғаған ерлердің халқы сүйген мінез-құлықтарынан үйренуге үндейтін шығарма. Мұсаның отыз ұлының бірі Орақ батыр құрулы тұрған алмас қылышқа ұрынып, жан тапсырғанда оның артында Қараулек деген шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелді, Карасай мен Қазиді деген екі ұлы, Қибаб деген қызы қалады. Жырдағы батырлар бейнесі осы үш әйел затының образдары арқылы тұлғалана түседі. Орақтың сексен беске келген шешесі Қараулек ұлын былайша жоктайды:

*Айдың да Орақ, ай да Орақ,  
Айбалтасы қанды Орақ,  
Аштарханда данды Орақ,  
Аудай арқыраған Орағым,  
Күндей күркіреген шырағым,  
Кетіпті алыс сапарға.*

Жыр басталысымен-ақ мерт болған Орақтың текті тұлғасы, қаһармандық іс-әрекеті оның жақын-жуықтарының жоқтау өлеңі арқылы баяндалады. Анасының, жан жарының, қызының толғаныстары батырдың болмыс-бітімін танытады, мінез-құлқын кейіптейді, адами қасиеттерін үлгілейді. Шешесі Қараулек баласының басын бағалап, батырлығын айтып («Қарауыл басы қолбасым, Жортуыл басы жолбарысым»), аналық мейірімін білдіріп («Ежелден сырлас мұңдасым, Жау дегенде тынбасым») отырып жоктайды. Орақты өлтірген Алшы, Смайыл, Тобаяктарға «Ертеменен тұра алмай, Белімді бекем буа алмай, Беті-қолым жуа алмай, Көзімнің жасын тия алмай, Отырғанда мен сөйтіп, Бата оқи келдің бе, Шынымен де балам, ұялмай!» — деп тіл қатып, зар жылайды. Бұл жоктауда тек Орақтың ғана емес, оны ұлықтаған ананың өз бейнесі де нақты көрініс тапқан.

Әсіресе, Орақты жоктаған бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелінің сөзіне ден қоймасқа болмайды. Бұл — батырлардың ай десе аузы бар, күн десе көзі бар аруларды тандап алу мотивіне кереғар мысал. Кемтар әйел жарының адами тұлғасын жоқтау өлеңімен биіктете түседі. Сол арқылы

нұсқаларда аталып өтеді. Қашаған нұсқасында ол Шөлгез батырдың қызы, Қобылаш нұсқасында балықшы Шәудір шалдың қызы Қарашаш болып суреттеледі.

«Орақ-Мамай» қаһармандық жырын зерттеуші Асқар Тұрғанбаев Әміреш Жұмағазин нұсқасында баяндалатын Орақтың үйленуін батырдың жар іздеу мотивімен байланыстырады. «Орақ Қазыман Сұр деген жолдасының ертуімен Айтатыр деген көлде аң аулап жатады. Бір күні сол көлдің қорықшысы Қыпшақ Қара шалдың қызын көріп, Орақ оған көз салады. Орақтың көзі түскенде қыздың түзге отырған жері жанады. Бұл қыз «батыр бала туады» деген белгі екен. Қыздың бір көзі соқыр, бір аяғы ақсақ, құлағы санырау, басы таз болғанына қарамай, оның әкесіне сұраған малын беріп, айттырып алады».

Жырдың негізгі желісіндегі бір көзі соқыр, бір аяғы ақсақ әйелге басқа нұсқаларда кемтарлықтың өзге белгілері де үсті-үстіне жамала түседі. Қолының шолақ, құлағының санырау, басының таз болуы — осының көрінісі. Бұл — батыр ұлдарды табатын әйелдің нәсілі текті екенін таныту үшін ойластырылған мотивтер. Ұлттың ұлылығын дәріптейтін адами қасиеттерді үлгі ету үшін қажет. Бұл

тұрғыда «Жар іздеу мотивінің негізгі түйіні үй болуы, семья құру болса, ол келешекте өзіндей, не өзінен де асып түсетін ұрпақ қалдыру тілегіне келіп тіреледі», — деген Қажым Жұмалиевтің пікіріне сүйенген Асқар Тұрғанбаев мынадай тұжырым жасайды: «Орақтың жар іздеуі Алпамыстың Гүлбаршынды іздеуі, Қобыландының Құртқаны алуынан мүлде бөлек. Мұндағы басты мақсат — болашақ батыр ұл туатын әйелді табу. Әйелдің сұлулығы, шыққан тегінің еш маңызы жоқ. Керісінше, Қарашаш — түрсіз әрі мүтелек. Бірақ ол Орақ өлер сәтте және кейін Орақтың кегін қайтарған сәтте (*қайғы, қуаныш*) бар кемісі жойылып, керемет сұлу әйелге айналады». Орақтың әйелінің жан сұлулығының белгілері жарын жоқтауынан да («*Өлеріңді білегенде, Алланың берген түнінде, Армансыз құшып жатпадым*»), Карасайды жауға аттануға қайрауынан да («*Сенің анаң мен едім, Мен саған жерік болғанда, Сегіз жылдан жеп едім*»), ұлына ақыл қосуынан да («*Қибаб түзілі мені сат, Ат көңіліңе жараса-ай*») айқын байқалады.

Жырдағы ерекше бейненің бірі — Карасай мен Қазидың қарындасы — Қибаб. Карасай жауға аттанбақ болып, Көкше батырдың Көкбұйра атын саудалағанда ол ақысына Қибабты сұрайды. Шешесімен ақылдасып, ақыры келіскен Карасайға қарындасы Қибаб келіп уәж айтады:

*Кешегі әкем кеткен соң,  
Кемшілік басқа жеткен соң,  
Жалғыз тайға саттын ба?  
Атың әйел демесең,  
Мен екеуіңнен кем бе едім?*

Осыны естіп, аттан түсіп, жауға қарай жаю тартқан ағасына жаны ашыған Қибаб райынан қайтып («*Сен томсарып кетпе, күліп кет, Қалаған атын мініп кет, Мен қыз болсам да ұлдаймын, Қадірмді біліп кет*»), ризашылық танытады («*Айналайын Қарекке, Мен бір бата берейін, Қолыңды жай, ағекке*»). Сөйте тұра, көңіліндегі наласын да ақтаралы («*Күндердің күні болғанда, Жалғыз тайға сатқаның, Тек байлаулы басың болмасын*»), келер күнін де ойлап қамығады («*Абысын, ажын бар болып, Жалғыз тайға келдің деп, Бетіме салық етер ме?*»).

Мұрат Мөңкеұлының «Қарасай-Қазиді» жырындағы әйелдер — ел қорғаны — ерлердің болмысын биіктететін бейнелер, елдіктің сипатын танытатын тұлғалар. Қаһармандық жырдағы батырдың анасы, жары және қызы қандай болуы керек десек, осы үшеуінің бейнесі санамызда жанғыра түспек.

Қысқасы, Қараулек, Қарашаш (*Мұрат нұсқасында аты аталмайды*), Қибаб үштігі — ұлт болу, ел болу жолындағы әйел затының үлесін танытатын үйлесімді ұштаған дер едік.



**Бауыржан ОМАРҰЛЫ,**  
филология ғылымының докторы, профессор

## Аққолтай

Режиссер Болат Қалымбетов түсірген «Мұқағали» көркем фильмінің тұсаукесері алдымен Шымкент қаласында өткен. Содан соң Нұр-Сұлтанда, күні кеше Алматыда сол үрдіс жалғасын тауып, ақиық акынның өмірін таспалаған туындының премьерасы болды. Көшеден бастап өліміздің барлық кинотеатрларында көпшілікке көрсетіліп жатыр.

Көркем фильм жұмыстары 2019 жылы басталып, Алматы облысының көрікті жерлерінде, Өскемен, Алматы нәм Ресейдің Санкт-Петербург қалаларында ұтымды кадрлар түсірілген. Басты рөл Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық драма театрының артисі Асланбек Жанбалаевқа бұйырып, сәтті сомдап шықты. Нұргиса Тілендиев, Бауыржан Момышұлы, Фариза Оңғарсынова, акынның жары Лашын Өзімжанова сынды тұлғалардың да бейнесі сомдалды. Көпшілікке жол тартқан көркем фильм туралы жазушы, драматург Роза Мұқанованың пікірін оқырманға ұсынамыз.



## «Менің жаным өзгелерге шуақ түсіреді»

Кеше Нұр-Сұлтанда «Мұқағали» көркем фильмінің премьерасы болды. «Менің жаным өзгелерге шуақ түсіреді» деп өткен ұлы акынның шуағына малынбаққа, мейірім табиғатына жылынбаққа алып-ұшып жеттік. Біз өмір сүрген дәуірдің Ұлы акынның тағы бір көрмекке, кездесіп, сырын ұғынбаққа жеттік. Әр қазақ өз Мұқағалиын іздеп келсе керек, тау тұлғалы Мұқағали акын киноэкраннан күтіп алды. Мұқағали рөліндегі актер Асланбек Жанбалаевтың сыртқы пішіні мен ішкі құдіреті ғажап үйлесім тапқан. Режиссер үшін ең үлкен қиындық — көкейіндегі кейіпкердің оңай табыла қоймайтындығы. Тіпті кейде сценарий жазылып қойып, актерді іздеуге жылдар кетеді. Режиссер үшін кейіпкерді сомдайтын актердің кездесуі де бір олжа! А.Кончаловскийдің «Грех» фильмінде Микеланджелодан айнымайтын адам тауып алғанына соншалық шаттанғанын көріп қайран қалған едім. Микеланджелоның суретінен айнымай қалған ғой, мұрнының қисықтығына дейін дөп келген. Кейіпкерін тапқан режиссер көз жазбайды, сонарға шыққан қырандай андығанын алмай тынбайды. Болат Қалымбетов те қырағылықпен Алатаудың мұзбалағын Атыраудан тапқан екен. Акынның жан дүниесіндегі буырқанған асау толқын, қалыпқа төзбейтін еркіндік, күресіп жеңе алмайтын шындық, жанарына күлді әлем сыйған Ұлылық айқындалып, өнердің олжасына айналыпты. Күлкісінің өзі қандай мейірімге толы. Анқау, адал, кеменгер, періште жымиыс әп-сәтте көрініп, әп-сәтте көлеңкеленіп жоқ болады. Актердің нағыз шеберлігі дерсіз. Ажалмен күресіп жатып та жымиғаны қалай дерсіз?..

Сценарист, талантты жазушы досым Жүсіпбек Қорғасбек пен көрнекті режиссер Болат Қалымбеттің, оператор Едіге Нүсіпбековтің, суретші Ермек Өтегеновтің ортақ жұмысы «Мұқағали» көркем туындысының көкжиегіне ойлы сәуле шашыпты. Режиссер Мұқағали өмір сүрген ортаны да, қаланы да, дәуір келбетін де айнытпай сақтаған. Бесіктен белі шықпай жатып, ұлттық киноның қазанында әбден шыныққан актер Болаттың, режиссер Болаттың талай туындыларға жан бігіретін дер шағы. Бұл жолы да шығармашылық ортаны елдендеткен ойлы туынды келіпті, құтты болсын!

Мұқағали — күрделі тұлға. Оның Қасіреті — Бақытына, Жокшылығы — Дәулетіне айналған. Осы қарама-қайшылық Адам Мұқағалиды шаршатты, тоздырды, безіндірді. Осы алапат күрес үстінде Акын Мұқағали Адам Мұқағалиды өлтіріп тынды. Оқырман махаббатына кенеліп, кері кеткен уақытты болашақпен алмастырған акын қайта тірілді. Біз киноның кейіпкеріне айналған Мұқағалиды көрдік. Біреулер тірісінде ғана ұлы болады, біреулер табытқа түскеннен соң ұлы болады. Ақиқатында ұлылық — қайта тіріле алу шығар. Бұл қағида хас талантқа ғана тиеді. Жазмыштың бұл қағидасын ешкім өзгерте алмас! «Мұқағали» фильмінен осы ойды аңғардым. Мұқағали «Мен жайлы әлдекімдердің өсек-әңгімесі де, есіркеуі де, әспеттеуін де естудің қажеті жоқ. Кейінгіге сыр жасырмай ақтарып, бәрін жазып кеттім» демеітін бе еді. Сол жазбалар «Мұқағали» фильмінде автор мен режиссерге талғажау болғандай, іздегендерін тапқандай... Мұқағалидың рухымен бірге алмасып, бірге жұмыс жасалғандай. Фильм өр көрерменнің жүрек түбіне бір ауыр тасты қоса байлап жібергендей күй кештіреді. Бұл фильмнің Микеланджелодан айнымайтын асау толқын, қалыпқа төзбейтін еркіндік, күресіп жеңе алмайтын шындық, жанарына күлді әлем сыйған Ұлылық айқындалып, өнердің олжасына айналыпты. Күлкісінің өзі қандай мейірімге толы. Анқау, адал, кеменгер, періште жымиыс әп-сәтте көрініп, әп-сәтте көлеңкеленіп жоқ болады. Актердің нағыз шеберлігі дерсіз. Ажалмен күресіп жатып та жымиғаны қалай дерсіз?..



Өнер құдіретінің жұмағы етіп қайта ұсынатындығында. Бұл жолғы көркем фильмнің де шешімі осы болса керек. «Мұқағали» көрерменге жол тартты. Құтты болсын!

**Роза МҰҚАНОВА,**  
жазушы, драматург,  
Нұр-Сұлтан қаласы



